

**Тараз гуманитарлық-техникалық
лицей-бастауыш мектебі**

**Тараз гуманитарлық-техникалық
лицей-бастауыш мектебінің
«Өзін-өзі бағалау» іс-шарасының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тараз 2025 ж

**Тараз гуманитарлық-техникалық лицей-бастауыш мектебінде
өткізілген «Өзін-өзі бағалау» іс-шарасының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

1. Оқу орнының жалпы сипаттамасы.

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу /қайта тіркеу туралы анықтама;
- Заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық;
- Білім беру ұйымының Жарғысы;
- Лицензия және (немесе) оған қосымша.

- 1) Оқу орнының атауы, орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы): «Тараз гуманитарлық-техникалық лицейі», БСН/ЖСН 000240004683, Тараз қаласы, Сүлейманов көшесі, ба үй - заңды мекенжайы 0800002, Тараз қаласы, Сүлейманов көшесі, ба үй - нақты мекенжайы
- 2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефоны, электрондық поштасы, web-сайты): +77018435454, tgtl.2000@mail.ru, <http://tgtl.edu.kz>
- 3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә, және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың деректері): Жүнісбекова Рымкүл Ұкашайқызы – директор – (3 қыркүйек, 2021 жыл, № 9 - бұйрық.)
- 4) Лицейдің құқықтарын анықтайтын құжаттар: № 5972-1919-У-е. БСН 000240004683 2000 жылғы 29 ақпанда тіркелген
- 5) Рұқсат беру құжаттары:

Мемлекеттік лицензия № KZ76LAM00008531, 01.03.2005.

2025 жылғы 01 маусымдағы № KZ76LAM00008531 қосымшаларымен.

Лицей-бастауыш мектебі, білім беру қызметін, алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрі 8 ақпан 2024 жылғы № 27 бұйрығындағы 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығындағы 1-қосымша және 2-қосымшаларымен бекітілген, білім беру қызметіне қойылатын біліктілік көрсеткіштерін және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар талаптарын сақтайды.

2. Лицей-бастауыш мектебінің кадрлық құрамы.

- Оқу орнының педагог кадрлармен қамтамасыз етілгені туралы мәлімет. Әдістемелік ұсынымдардағы 7-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте, бағаланатын кезеңдегі педагогтардың штаттық кестесі және тарифтеу тізімі.
- оқу орнында қызмет атқарып жүрген ұстаздардың педагогикалық біліктіліктерін арттырғандары туралы мәлімет.

Кадр әлеуетін талдау:

Оқу орнының білікті ұстаздармен қамтамасыз етілуі:

- Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы:
- Соңғы үш оқу жылдарында, лицей-бастауыш мектебі педагог мамандарымен толық қамтамасыз етілген. Қызмет етіп жүрген ұстаздардың сауаттылығы жоғары,

барлықтарының мектеп талаптарына сай жоғары білімдері бар. Жетекші педагогтардың 33,3% астамы «педагог-зерттеуші» және «педагог-сарапшы» санаттарына ие.

Педагогтердің біліктілік деңгейі	Оқу жылы		
	2023-2024ж	2024-2025ж	2025-2026ж
Педагог	6	4	3
Педагог-модератор	3	4	4
Педагог-сарапшы	2	3	2
Педагог-зерттеуші	4	4	3
Педагог - шебер	-	-	-
Барлығы:	15	15	12

2023-2024 оқу жылы штаттағы қызметкерлердің үлесі 83,4 % құрайды;
2024-2025 оқу жылында штаттағы қызметкерлердің үлесі 83,4% құрайды;
2025-2026 оқу жылында штаттағы қызметкерлердің үлесі 86,7% құрайды.

-Сырттай жұмыс істейтін оқытушылар және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:

Барлық жетекші мұғалімдер үшін негізгі жұмыс орны Тараз гуманитарлық-техникалық лицей-бастауыш мектебі болып табылады. Мұғалімдердің шамамен 13,3% -ы ғана, қосалқы жұмыс істейді.

2023-2024 оқу жылында қосымша жұмыс істейтін педагогтардың үлесі 16,6 % құрайды;
2024-2025 оқу жылында қоса атқаратын педагогтардың үлесі 16,6 %-ды құрайды;
2025-2026 оқу жылында қосымша жұмыс істейтін педагогтардың үлесі 13,3%-ды құрайды;

Оқу орнына, сырттай жұмыс істеуге тек қана, мектептердегі педагогикалық жұмыс тәжірибелері мол, білікті ұстаздар қабылданады.

-Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының, үш жылда бір рет, аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер:

Тараз гуманитарлық-техникалық лицей - бастауыш мектебі мемлекеттік емес, жекеменшік білім беру ұйымы болып табылады, сондықтан лицей басшылары, мемлекеттік аттестаттау рәсімдеріне тартылмаған.

-Педагогтардың біліктілік деңгейін арттыру іс-шарасы

(педагогтардың біліктілік деңгейін арттыру, кемінде бес жылда бір рет өткізіліп тұруы тиіс);

Лицей-бастауыш мектебінде, педагогтердің біліктілігін арттыру және біліктілік санатының деңгейін растау, жыл сайын кадрлар бөлімі және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бірге әзірлейтін жоспар-кесте бойынша жүргізіледі. Бұл жоспардың басты талабы - әр мұғалім, кем дегенде 5 жылда бір рет, өзінің біліктілік деңгейін арттыруға міндетті.

Сондықтан 2023-2024 оқу жылының жоспар-кестесі бойынша – мұғалімдердің 81% - біліктіліктерін арттырғаны туралы сертификаттарға ие болды: Бір оқытушының магистр дәрежесі бар –5,5%.

2024-2025 оқу жылының жоспар-кестесі бойынша – мұғалімдердің 83,3% - біліктіліктерін арттырғаны туралы сертификаттарға ие болды: Екі оқытушының магистр дәрежесі бар – 11,1%.

2025-2026 оқу жылының жоспар-кестесі бойынша – мұғалімдердің 100% - біліктіліктерін арттырғаны туралы сертификаттарға ие болды: Екі оқытушының магистр дәрежесі бар – 13,3%.

-Басшы кадрлардың, педагогтердің біліктіліктерін арттырғандары туралы мәліметтер, әр оқу жылдық жоспарлар бойынша педагогикалық кеңестерде тыңдалады:

Педагогикалық кеңесте бекіткен, әр оқу жылдың жоспарлары бойынша, басшы кадрлар мен педагогтар қаладағы жоғары оқу орындарындағы, ғылыми-педагогикалық орталықтардағы ұйымдастырылатын курстарға, конференцияларға, семинарларға қатысып, біліктілігін арттырып, тәжірибе жинақтайды, сертификаттар алады.

Мәселен, 2023-2024 оқу жылында – лицей басшылары мен жетекші педагогтардың 85% - біліктілікті арттыру туралы сертификаттар алған.

2024-2025 оқу жылында – лицей басшылары мен жетекші педагогтардың 88% - біліктілікті арттыру туралы сертификаттар алған.

2025-2026 оқу жылында– лицей басшылары мен жетекші педагогтардың 100% - біліктілікті арттыру туралы сертификаттар алған.

№	Аты-жөні, қызметі	Сертификат атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Тіркеу нөмірі
1	Жунисбекова Рымкуль Укашаевна- директор	«Білім берудегі менеджмент»	09.09-19.09.2025ж	«Bilim-orkenieti»	52ж осы ұйымда 4 ж 80 сағат	№0004 80
		«Орыс тілі сабағында орта буын оқушыларының функционалдық оқу дағдыларын дамыту»	10.10.2025ж	«Agzhan»ғылыми-білім беру орталығы	80 сағат	№0044 53
2	Кокумбаева Бигайша Алиевна- директордың орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	09.09-19.09.2025ж	«Bilim-orkenieti»	20ж осы ұйымда 4ж	№0004 81
		«Педагогтердің құзыреттілігін жетілдіру арқылы білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамыту»	13.10.2025ж	«Ustaz»педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы	80 сағат	№449

3	Асемова Майра Карибайқызы- бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш мектепте сабақты зерттеу арқылы пәндік күзыреттілікті арттыру»	12.09- 25.09.2025ж	«Bilim- orkenietі»	50ж осы ұйымда 2ж 80 сағат	№0004 83
4	Саматова Данекер Серикқызы- психолог	«Жалпы білім беретін орта мектептегі заманауи педагогика және психология мәселелері»	09.09- 19.09.2025ж	«Bilim- orkenietі»	12ж осы ұйымда 2ж 80 сағат	№0004 82
5	Джурабаева Дильбар Нурахунқызы- бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш мектепте сабақты зерттеу арқылы пәндік күзыреттілікті арттыру»	12.09- 25.09.2025ж	«Bilim- orkenietі»	25ж осы ұйымда 2ж 80 сағат	№0004 85
6	Барт Валентина Антоновна- бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш мектепте сабақты зерттеу арқылы пәндік күзыреттілікті арттыру»	30.12- 14.01.2025ж	«Bilim- orkenietі»	49ж осы ұйымда 4ж 80 сағат	№0001 18
7	Исаева Жамила Каденовна- бастауыш сынып мұғалімі	«Педагогтердің пәндік күзыреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірбиесі»	03.10.2025ж	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ пед	45ж осы ұйымда 4ж 80 сағат	№1814 02
8	Ержанова Асия Махаметжановна- ағылшын пәні мұғалімі	«Оқушыларды дамыту жолдары, жұмысты жүйелеуге арналған бағдарламалар»	19.02.2022ж	«KazPromEd ucation»	40ж осы ұйымда 1ж 80 сағат	
9	Қуатова Рабига Мейрхановна- бастауыш пәні мұғалімі	«Педагогтардың пәндік күзыреттілігін дамыту»	03.10.2025	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ пед	45ж осы ұйымда 4ж 80 сағат	№1814 02
10	Покатилова Ирина Александровна- бастауыш пәні мұғалімі	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби күзыреттілігін қалыптастыру»	27.05.2024- 7.03.2024	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті кадр.біліктілі гін арттыру	21ж осы ұйымда 3ж 80 сағат	№3295

				және қайта даярлу орталығы		
11	Ташкулова Сагира Серикбаевна-бастауыш пәні мұғалімі	«Педагогтардың пәндік құзыреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірбиесі»	12.09-25.09.2025ж	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ пед	13ж осы ұйымда 3ж 80 сағат	№1811 90
12	Шапшанбаева Динара Телемисовна-дене шынықтыру пәні мұғалімі	«Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	15.11.2024ж	«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК	20ж осы ұйымда 3ж 80 сағат	№0005 069
13	Шарафуллина Халида Ильясовна-бастауыш пәні мұғалімі	«Бастауыш мектепте сабақты зерттеу арқылы пәндік құзыреттілікті арттыру»	12.09-25.09.2025ж	«Bilim-orkenietі»	2ж осы ұйымда 2ж 80 сағат	№0004 84
14	Тургымбаева Нургайша Сыпабековна	«Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру»	24.06.2022ж	«Өрлеу біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамы	42ж осы ұйымда-0 80 сағат	№0529 681
15	Исаева Гаухар Қанатқызы	Информатика сабағында оқу үрдісін жобалаудың заманауи әдістемесі	10.10.2025ж	«Agzhan» ғылыми-білім беру орталығы	2 ай осы ұйымда	№0044 79

Басқарушы кадрлар мен педагогтердің біліктілігін арттыру жоспарларының орындалуы, лицейде сапа менеджменті мен ішкі бақылау жүйелерін енгізумен қамтамасыз етіледі.

	Жалпы педагогтар саны	Курстан өткендер саны	Курспен қамтылған педагогтер үлесі	Курспен қамтылмаған педагогтер үлесі
2023-2024 оқу жылы	16	14	85%	15% (2 мұғалім)
2024-2025 оқу жылы	18	15	88%	12% (3 мұғалім)
2025-2026 оқу жылы	15	15	100%	-

-Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын немесе

республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Лицей оқушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсанындағы №514 бұйрығына 2-қосымшамен бекітілген интеллектуалды байқаулар (қашықтық, бетпе-бет) мен пән олимпиадалары, зерттеушілік, шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде.

2023-2024 оқу жылында Республикалық деңгейде:

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсында III-дәрежелі диплом жүлдегері 2 сынып оқушысы Байшаков Темирлан, жетекшісі: Покатилова Ирина Александровна. III-дәрежелі диплом жүлдегерлері 1-сынып оқушылары Жанылбекқызы Жасмин мен Серғали Иманғали жеңіп алды, жетекшісі: Ташкулова С.С.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен әдебиеттік оқу, дүниетану, ағылшын тілі пәндерінен өткізілген «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының III дәрежелі диплом жүлдегері Бухар Томирис, жетекшісі: Барт.В.А.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсында II-дәрежелі дипломның жүлдегері 3 сынып оқушысы Набатова Аида, жетекшісі: Барт.В.А.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында III-дәрежелі диплом жүлдегері 3 сынып оқушысы Меделбек Айзере, жетекшісі: Барт.В.А.

2025-2026 оқу жылында Республикалық деңгейде:

- Астаналық оқу-әдістемелік орталықтың ұйымдастырған «Мақатаев оқулары» атты Республикалық «Мәнерлеп оқу» номинациясы жеңімпазы 1 сынып оқушысы Зауыров Батырхан, жетекшісі: Ташкулова С.С.

-«Бастау» республикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде лицейдің оқушыларынан құрылған «Снежный барс» командасы III-орынды жеңіп алды: Жеңімпаздары 2 сынып оқушысы-Асқаралиев Нұрислам, жетекшісі: Шарафуллина Х.И.; 3 сынып оқушысы-Байшаков Темірлан, жетекшісі: Покатилова И.А.; 4 сынып-оқушысы Түйтеева Ясмина, жетекшісі: Барт.В.А.

-«Samyug Алматы» республикалық білім беру орталығы ұйымдастырған «Қыс керемет» атты байқаудан I-дәрежелі диплом жүлдегері 3 сынып оқушылары-Таджибаева Ильера және Хаймурад Ақниет жеңіп алды, жетекшісі: Покатилова И.А. I-дәрежелі диплом жүлдегері 1 сынып оқушысы Зауыров Батырхан иеленді, жетекшісі: Ташкулова С.С.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының III дәрежелі диплом жүлдегерлері 1 сынып оқушылары Нұрханқызы Жасмин, Жомарт Шарапат, Орынтай Нұрали иеленді, жетекшісі: Ташкулова С.С.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсында III дәрежелі дипломмен 1 сынып оқушылары Бахтияр Жибек, Базарбек Нұрым, Әуесхан Ханали иеленді, жетекшісі: Ташкулова С.С.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының математика, жаратылыстану пәні бойынша III дәрежелі диплом жүлдегері 2 сынып оқушысы Бешли-оглы Дениз иеленді, жетекшісі: Асимова М.К.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының орыс тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану пәндері бойынша I дәрежелі диплом жүлдегерлері 2 сынып оқушысы М...

иеленді, жетекшісі: Асемова М.К, ал III дәрежелі диплом жүлдегерлері 2 сынып оқушылары Аскаралиев Нурислам және Бешли оглы Аида иеленді, жетекшісі: Асемова М.К.

II дәрежелі диплом жүлдегері 2 сынып оқушысы Маматов Нурзаман иеленді, жетекшісі: Асемова М.К.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Кенгуру» зияткерлік олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері 2 сынып оқушысы Бешли оглы Аида иеленді, жетекшісі: Шарафуллина Х.И.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Кенгуру» зияткерлік олимпиадасының III дәрежелі диплом жүлдегері математика пәні 2 сынып оқушысы Маматов Нурзаман иеленді, жетекшісі: Шарафуллина Х.И.

2023-2024 оқу жылында қалалық деңгейде

- Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының қалалық кезеңінде III-дәрежелі диплом жүлдегері 3 сынып оқушысы-Хаиров Демид жеңіп алды, жетекшісі: Барт.В.А.

-«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың ұйымдастыруымен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының III дәрежелі диплом жүлдегері Танатар Томирис иеленді, жетекшісі: Асемова Майра.

3. Білім алушылар (оқушылар) контингенті.

-Бағаланатын кезеңдегі оқушылар контингентінің тізімі. Әдістемелік ұсынымдарға 8-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.

Соңғы үш жылда лицейде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар болған жоқ.

-сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер:

Сыныптардың толықтығын қамтамасыз ету үшін лицей ұжымы тиісті жоспарлы іс-шаралар өткізеді:

- балабақшалармен жұмыс істеу, дайындық топтарының ата-аналарымен әңгімелесу, толы сыныптар бар басқа мектептерге бару, көше комитеттерінің төрағаларымен әңгімелесу, бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану және басқа да әдістер.

-білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Лицей-бастауыш мектебінде оқитындар контингентінің қозғалысы негізінен оқушылардың отбасылық жағдайларға байланысты лицейден шығуына және басқа мектептерден лицейге ауысуына байланысты.

Оқу жылы	Сыныптағы оқушылардың саны							
	1 сынып		2 сынып		3 сынып		4 сынып	
	Оқу жыл. басы	Оқу жыл. соңы	Оқу жыл. басы	Оқу жыл. соңы	Оқу жыл. басы	Оқу жыл. соңы	Оқу жыл. басы	Оқу жыл. соңы
2023-2024 оқу жылы	22	19	37	38	40	40	7	5
2024-2025 оқу жылы	35	35	21	21	36	33	38	30
2025-2026 оқу жылы	30	-	30	-	21	-	22	-

2023-2024 оқу жылында барлығы 10 оқушы келді, кеткендер -4

2024-2025 оқу жылында барлығы 15 оқушы келіп, кеткен -11

2025-2026 оқу жылында барлығы 11 оқушы келіп, кеткен -15

4. Оқу-әдістемелік жұмыс.

- бағаланатын кезеңдегі әзірленген және бекітілген жұмыс жоспары, сабақ кестесі;

- бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары;
- бағаланатын кезеңдегі вариативті компоненттің әзірленген және бекітілген кестесі.

Оқыту нәтижелеріне сүйене отырып, білім беру мазмұндарына критерийлер анықтау:

1) Білім беру ұйымының басшысы бекіткен жұмыстық оқу жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш мектептегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, білім берудің үлгілік(типтік) оқу жоспарларына сәйкес болуы;

-2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығының талаптарына сәйкес әзірленді (ҚР Білім Министрінің 17.03.2023 №68 және 29.10.2024 №319 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген). Жұмысшы оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленді. Бұл жоспар барлық қажетті білім беру салаларын, оқу, Инвариантты оқу пәндерін және вариативтік компонент элементтерін қамтиды.

-2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығының талаптарына сәйкес әзірленді (ҚР Білім Министрінің 17.03.2023 №68 және 29.10.2024 №319 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген). Жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленді. Бұл жоспар барлық қажетті білім беру салаларын, оқу, Инвариантты оқу пәндерін және вариативтік компонент элементтерін қамтиды.

-2025-2026 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленді. Бұл жоспар барлық қажетті білім беру салаларын, оқу, Инвариантты оқу пәндерін және вариативтік компонент элементтерін қамтиды.

-Барлық жұмыстық оқу жоспарлары "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сәйкес жасалған.

-Олар, бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартының келесі негізгі талаптарын орындауға бағдарланған:

- математиканың негіздерін сапалы меңгеру, математикалық білімді, іскерлік пен дағдылануды дамыту;
- тілдік сауаттылықты және коммуникативтік қызметті (тыңдау, оқу, жазу), көпшілікпен еркін қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту;
- зияткерлік қасиеттерді дамыту;
- логикалық және сыни ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- әлеуметтік бейімделуді қалыптастыру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту қоғамында, ақпараттық процестердің рөлін түсінуді қалыптастыру;
- табиғатта болып жатқан құбылыстарды байқай және түсіндіре білу;
- денсаулықты нығайту үшін, қозғалыс дағдыларын дамыту;
- жеке қауіпсіздік және айналадағылардың қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты көзқарасты қалыптастыру.

Инвариантты компоненттерден басқа, жұмыстық оқу жоспарына, үлгілік оқу

жоспарларында ұсынылатын вариативті компонентті таңдау курстары мен факультативтерді енгізу, мысалы:

1-ші және 2-ші сыныптар үшін; Қызықты математика, Тіл дамыту.

3-ші және 4-ші сыныптар үшін; Қызықты математика, Тіл дамыту.

Вариативті компонентті таңдау кезінде мүмкіндігінше ата-аналардың ұсыныстары ескеріледі. Барлық сыныптардың жұмыстық оқу жоспарлары, Педагогикалық кеңесте талқыланады және бекітіледі.

Жұмыстық оқу жоспарларын іске асыру мақсатында, мұғалімдер пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар мен сабақ жоспарларын жасайды. Сабақтың тақырыптары мен барысы «Bilim Class» платформасындағы электронды сынып журналына жазылады.

Бастауыш сыныптардың сабақ кестесі, жұмыстық оқу жоспарларында толық сәйкес келеді. Сабақтар бір ауысымда ұйымдастырылған. Лицейдегі жалпы оқу жұмыстары, балаларды дамыту, тәрбиелеу жұмыстарымен тікелей үйлесімді.

2) *Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:*

2023-2024 оқу жылы; 2024-2025 оқу жылы және 2025-2026 оқу жылдары; әрбір сыныптың жұмыстық оқу жоспарларындағы барлық оқу пәндері бойынша, жұмыстық оқу бағдарламалары «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ҚР ШМ 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 қаулысымен бекітілген.

Бағдарламаларды әзірлеу кезіндегі оқу жоспарында, білім алушыларды оқыту әдістерінің түрлері, оның ішінде аудиториялық және өзіндік жұмыстың еңбексыйымдылығы дәрежелері ескерілді. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын құрған кезде, балалардың үлгерімі мен олардың дамуына жәрдемдесу көзделді.

Жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы мен қосымшаларда айқындалған оқу пәндерінің базалық мазмұнына және оқыту мақсаттарының жүйесіне негізделген.

Оқушылардың арасында жүргізілетін тілдік даярлықтардың мақсаты, қоғамдық, қоршаған орталарда халықпен, елмен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, білім алушылардың бойында коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, жазуға және сауатты сөйлеуге үйрету болып табылады;

- тілдік дағдыларды дамыту (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу);

- сөздік қорын дамыту әдістерін үйрету;

- тұрмыста және қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

- шығармашылық жұмыс дағдыларын, сыни ойлау қабілетін дамыту.

Оқушылардың тілдік пән бойынша алатын білім, іскерлік, дағдылар сияқты қасиеттерінің деңгейіне қойылатын талаптар (CEFR) (СИЭФАР) - «Тілдерді меңгерудің жалпы еуропалық шеңбері» жүйесіндегі (A1, A2, B1, B2, C1) ережелері ескеріле отырып анықталған. Теориялық болжам бойынша, білім алушылар лицейді бітіргеннен кейін тілді қарапайым A1, A2 (бастауыш деңгей) деңгейінде меңгерулері тиіс.

Бағдарламаларды әзірлеу кезіндегі оқу жоспарында, білім алушыларды оқыту әдістерінің түрлері, оның ішінде аудиториялық және өзіндік жұмыстың еңбексыйымдылығы дәрежелері ескерілді. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын құрған кезде, балалардың үлгерімі мен олардың дамуына жәрдемдесу көзделді.

Жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы мен қосымшаларда айқындалған оқу пәндерінің базалық мазмұнына және оқыту мақсаттарының жүйесіне негізделген.

Оқушылардың арасында жүргізілетін тілдік даярлықтардың мақсаты, қоғамдық, қоршаған орталарда халықпен, елмен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, білім алушылардың бойында коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, жазуға және сауатты сөйлеуге үйрету болып табылады;

- тілдік дағдыларды дамыту (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу);
- сөздік қорын дамыту әдістерін үйрету;
- тұрмыста және қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- шығармашылық жұмыс дағдыларын, сыни ойлау қабілетін дамыту. Оқушылардың тілдік пән бойынша алатын білім, іскерлік, дағдылар сияқты қасиеттерінің деңгейіне қойылатын талаптар (CEFR) (СИЭФАР) - «Тілдерді меңгерудің жалпы еуропалық шеңбері» жүйесіндегі (A1, A2, B1, B2, C1) ережелері ескеріле отырып анықталған. Теориялық болжам бойынша, білім алушылар лицейді бітіргеннен кейін тілді қарапайым A1, A2 (бастауыш деңгей) деңгейінде меңгерулері тиіс.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытудың негізгі мақсаттары, оқушыларды компьютердің құрылымымен таныстыру, компьютер арқылы ақпарат алуды, ұсынуды және өңдеуді, интернет желісінде жұмыс істей білуді үйрету. Сөйтіп білім алушылардың бойына: тапқырлық, іскерлік, жағымды дағдылар сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

Бағдарламалардың міндеттері:

- білім алушыларға компьютер, заманауи сандық құрылғылар және олардың қоғам өміріндегі рөлі туралы мәліметтерді ұсыну;
- ИТ-технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың бойында: алынған ақпараттарды тиімді пайдалану, ойлау, іздеу, жинау, өңдеу, есептеу, сақтау және беру сияқты дағдыларын қалыптастыру;
- қарым-қатынас жасау, ақпарат алмасу және оқу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға ықпал ету;
- білім алушыларға компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін үйрету.

«Цифрлық сауаттылық» бағдарламасын іске асыру үшін, сабақтарды тиімді өткізу үшін, лицейде бір аудитория жоғарғы параметрлі он екі компьютерлермен, басқа да қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген.

- мұғалімдер мен білім алушылардың арасындағы деректерді алмасуды қамтамасыз ету үшін, компьютерлік сынып кең жолақты қолжетімді интернет желісімен, жоғарғы сапалы құрылғылар мен коммуникациялармен қамтамасыз етілген;
- Компьютерлік сыныпта : принтер, сканер, көшіру техникасы, интерактивті тақта. Тағы басқа перифериялық құрылғылар бар.

Лицей-бастауыш мектебінде өткізіліп жатқан «Жаратылыстану» пәнінің мақсаты, білім алушыларды әлемнің заманауи бейнесімен таныстыру, таңымдылық шеберліктерін, дағдыларын дамыту. Үлгілік және жұмыстық оқу жоспарына сәйкес лицейде «Жаратылыстану» оқу курсының мазмұны «Әлемді тану» пәні шеңберінде іске асырылады: 1 сыныпта 33 сағат, 2, 3, 4 сыныптарда 34 сағат.

Аталған оқу курсының мазмұны білім мен ғылымның келесі салаларын игеруге бағытталған:

- қоршаған орта туралы түсінік негіздерін қалыптастыру, табиғаттың түрлі құбылыстары араларындағы байланыстарды түсіндіру;
- Оқушыларды жаратылыстану ғылымының техника мен технологиялардың дамуына тигізетін пайдалы әсерлерімен және осы саладағы жетістіктерімен таныстыру;
- қоршаған орта құбылыстары туралы алған білімдерін өмірде қолдана білу;

-табиғаттың әртүрлі құбылыстарын бақылау барысында зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді және сын тұрғысынан ойлауды дамыту;

- табиғат заңдарын білу, оларды өндірістерде пайдалану, өмір сүру сапасын арттыру, адамдардың негізгі мақсаттары болуы тиіс;

- тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қазіргі заманғы технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін, күнделікті өмірде табиғат туралы білімді тұрақты түрде қолдану.

Лицей-бастауыш мектебінің оқу бағдарламалары мен тәрбие жұмыстарының жоспарлары «Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «Құрмет», «Ынтымақтастық», «Еңбек және шығармашылық», «Ашықтық», «Өмір бойы білім алу» сияқты негізгі базалық құндылықтарын дамытуға бағытталған.

Лицей-бастауыш мектебіндегі «Бейнелеу өнері» пәні, оқу және тәрбие жұмыстарының органикалық бөлігі болып табылады. Пәнэстетикалық және көркемдік білім беруді қамтамасыз етеді, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, көркемдік қызмет дағдыларын үйретеді. Пәннің оқу бағдарламасы келесі міндеттерге қол жеткізуге бағытталған:

- жаратылыстану ғылымының негізгі ережелерімен танысу және олардың техника мен технологиялардың дамуына әсері;

- қоршаған орта құбылыстарын түсіндіру және оларды қалыпты қабылдау үшін алынған білімді қолдануды үйрету;

- табиғат заңдарын тану және ғылым жетістіктерін өмір сүру сапасын арттыру үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

-тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қазіргі заманғы технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін, күнделікті өмірде табиғи, қоршаған орта туралы білімді қолдану.

-Бейнелеу өнері пәнін оқытудың негізгі мақсаты - көркемдік білім беру және эстетикалық тәрбие беру, оқушыларды Қазақстанның және бүкіл әлемнің рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде, бейнелеу өнері әлеміне тарту, олардың жеке басын қалыптастыру және дамыту.

-«Бейнелеу өнері» бағдарламалары, көркемдік білім мен тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған типологиялық, тілдік, құндылық-бағдарлық, қызметтік сияқты өнердің түрлі салаларының мазмұндарын ашып, әр бір сабақтарда оқушыларды тапқырлық, іскерлік сияқты тағы басқа жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. "Бейнелеу өнері" пәнін оқытудың міндеттері:

-адамгершілік тәжірибені байыту, адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу, Қазақстан халқының мәдениетін және басқа елдердің мәдениетін құрметтеу;

-бейнелеу өнеріне деген құрметпен, қызығушылық сезімдерін тәрбиелеу;

-білім алушылардың қоршаған ортаға өз көзқарастарын білдіру қабілеттерін дамыту;

-суреттерге, кескіндемелерге, композицияларға, мүсіндерге қарап, бейнелеу сауаттылығының негіздерімен танысу.

Барлық оқу бағдарламалары лицейдің миссиясымен келісіледі және олардың мазмұны педагогикалық кеңесінің отырысында қаралады.

Оқу пәндерінің базалық мазмұнын толық меңгеру үшін, мұғалімдер пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарларын жасайды. Сабақ тақырыптары мен олардың орындалуы электрондық сынып журналына жазылады.

3)Субъективті жаңа білімдерді, мәдениетті, ұлттық дәстүрлерді, жалпы адамзаттық құндылықтарды терең зерделеп, оқып терең игеру үшін, оқушылардың арасында жоғары деңгейде тәрбие жұмыстары жүргізілуде.

Лицей-бастауыш мектебінде барлық оқу кезеңіне арналған "тәрбие жұмысының кешенді перспективалық жоспары" әзірленген. Тәрбие жұмысының кешенді

перспективалық жоспарында, білім алушыларды оқыту жұмыстары мен тәрбие жұмыстарының арасында, органикалық байланыс толық қамтамасыз етілген. Бұл, кешенді перспективалық жоспар, Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылы шыққан №194 бұйрығымен бекітілген, "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде жасалды. Әр оқу жылында, әр сыныптарда жасалынатын тәрбие жұмыстарының жоспарлары, кешенді перспективалық жоспардың негізінде құрылған.

- 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының жоспарларын іске асыру мынадай басым бағыттар бойынша жүргізілді:

- * Білім-біздің өміріміздің негізі;
- * Жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- * Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- * Адалдық пен адалдықты қалыптастыру.

- 2024-2025 оқу жылдарында жоспар бойынша орындалған тәрбие жұмыстары "Біртұтас тәрбие" бағдарламасындағы талаптарға сай жүргізілді:

* Ұлттық мүдде;

* Ар-ұят;

* Талап;

-2025-2026 оқу жылдарында жоспар бойынша орындалған тәрбие жұмыстары «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы талаптарға сай жүргізілді:

- * Тәуелсіздік және Отаншылдық;
- * Бірлік және Ынтымақ ;
- * Әділдік және Жауапкершілік;
- * Заң және Тәртіп;
- * Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік;
- * Жасампаздық және Жаңашылдық;

Тәрбие жұмысының жоспарларын іске асыру білім алушыларға «Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», "Құрмет", "Ынтымақтастық", "Еңбек және шығармашылық", "Ашықтық", "Өмір бойы білім беру" білім берудің базалық құндылықтарының дағдыларын сіңіре отырып, органикалық бірлікте жеке қасиеттерді дамытуға бағытталған.

Оқу жылының соңында әрбір мұғалім (сынып жетекшісі) лицейдің педагогикалық кеңесінде талқыланатын тәрбие жұмысының қорытындыларына баға береді.

4) *Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды, қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:*

Жыл сайын тәрбие жұмысы жоспарларының едәуір бөлігі, сабақтан тыс уақытта сынып сағаттары және түрлі бұқаралық іс-шаралар түрінде жүзеге асырылады.

Әр сыныпта, тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес, тұрақты түрде сынып сағаттары өткізіледі. Сынып сағаттарының негізгі тақырыбы рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық және еңбек тәрбиесінің мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған. Сабақтан тыс өткізілетін іс-шаралардың тақырыптары мен нысандары туралы:

-«Отбасының жылылығы», «Кім—дос», «Ананың қолы», «Тәртіп-тәрбиенің басталуы», «Ұлттық валюта күні», «Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз», «Менің республикам-менің мақтанышым», «Кітап-білімнің сарқылмас көзі», «Еңбексүйгіштік және оның табысқа ықпалы» тағы сол сияқты.

-Лицей-бастауыш мектебінде бұқаралық іс-шаралар, балалардың бойына: көркем-эстетикалық, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, еңбек және дене тәрбиесі сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Мерекелерді ұйымдастыру (Білім күні, Мұғалімдер күні, Жаңа жыл, Наурыз және т.б.); Жеңіс күніне, Бірлік күніне

арналған іс-шаралар; Суреттер мен қолөнер конкурстары; спорттық ойындар мен жарыстар өткізіп, білім алушыларды сауаттылыққа ынталандыру, патриоттық сезімдерін арттыру, тағы сол сияқты.

5) *Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері):*

-лицейдің бастауыш білім беру деңгейінде, ата-аналардан ерекше білім беру қажеттілігі бар, жеке мүдделеріне байланысты наразылықтары бар оқушылар туралы, сұраныстар түскен жоқ. Сондықтан мектепте, мұндай оқушыларға арналған арнайы оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарлары әзірленбеген.

б) *Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру:*

